

## **Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 ақпандағы N 212 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

2001 жылғы 20 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Экономика және сауда министрлігімен, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) қалыптастыру және пайдалану үшін қажетті "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін;

2001 жылғы 1 наурызға дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп, Қорды сенімгерлік басқару туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалатын шарттың жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін ;

2001 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде есептілікті түзу ережесін, оның ішінде Қорды қалыптастыру мен пайдаланудың бухгалтерлік есебін жүзеге асыруды реттейтін , сондай-ақ ақшаны Қорға есепке алу және оны пайдалану ережесін әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін ;

2001 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Қордың жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін;

2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп, Қорды басқаруға байланысты қызмет жөніндегі ақпараттық материалдарды және қаржылық есептілікті ұсыну кестесін әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

### **2. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы**

Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК